

АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫ

Азанбай А.М.

Ақша айналымының негізгі компоненттері

- Ұлттық ақша бірлігі
- Несиелік және қағаз ақшалары, айналым монеталарының жүйесі
- Ақша эмиссиясы жүйесі
- Басқаратын мемлекеттік ұйымдар.

Ақша айналым жүйесінің түрлері

Металдық ақша айналым жүйесі

- бұл айналымдағы алтын және күміс ақшалар
- биметалдық және монометалдық болып бөлінеді.

Алтынға айырбасталмайтын несиелік және қағаз ақша айналым жүйесі

- бұл жүйеде алтын айналымнан шығарылған
- Банкноталар пайдаланылады

Ақша жүйесін нығайту немесе түрлендіру **ақша реформасы** деп аталады.

Ақша реформасы (мақсатына байланысты) бірнеше **түрге** бөлінеді:

- жаңа ақша жүйесінің қалыптасуы;
- эмиссия реті, ақша бірлігінің атауы, ақша шығару тәртібі секілді ақша жүйесінің біршама түрлендірілуі;
- ақша айналымын тұрақтандыру әдістері.

Тұрақтандыру әдістері:

Ақшаны нулефикациялау

- құнсызданған қағаз ақшаның жарамсыздығын мемлекеттің хабарлауы

Деноминация

- ескі ақша бірлігінің жаңа ақша белгісіне айырбасталуы


Девальвация

- шетел валютасына немесе халықаралық ақша бірлігіне қатысты ұлттық валюта бағамының төмендеуі.

Ревальвация


- шетел валютасына қатысты ұлттық валютаның көтерілуі.

Ақша массасы – бұл жеке адамдар, кәсіпорындар, ұйымдар және мемлекет иелік ететін, әрі халық шаруашылығындағы тауарлар мен қызмет көрсетудің айналымын қамтамасыз ететін қолма-қол және қолма-қолсыз төлем құралының жиынтығы.



Ақшаға сұраныс.

Ақшаға сұраныс оның айналым құралы және байлықты сақтау құралы ретіндегі екі функциясынан туындайды.



Фишер теңдеуі

$$MV=PQ$$

M-ақша массасы

V-ақша айналым жылдамдығы

P-тауар бағасы

Q-тауар саны

Банк жүйесінің негізгі бөліктері:

- а) орталық банк;
- б) коммерциялық банктер;
- в) арнайы несие-қаржылық институттары (сақтандыру компаниялары, инвестициялық банктер, несие-жинақ мекемелері).

Банк (итальян тілінде «орындық») – кәсіпорындардың, ұйымдардың және халықтық бос ақша қаражаттарын тарту және шоғырландыру, төлемдерге делдалдық жасау, ақша эмиссиясы, бағалы қағаздар шығару, әр түрлі несиелер беру шараларымен айналысатын несие-қаржылық мекеме.

Неисе түрлері:

- **Коммерциялық несиесі** – тауар түрінде беру (шаруашылық субъектілердің өзара төлем уақытын созу).
- **Банктік несиесі** – несиесі-қаржылық мекемелердің кез-келген шаруашылық субъектісіне ақшалай қарыз беруі.
- **Тұтынушылық несиесі** жеке тұлғалар ұзақ мерзімді тұтынушылық тауарлар қарызға алғанда.
- **Ипотекалық несиесі** қозғалмайтын мүлікті кепілдікке ала отырып, ұзақ мерзімді қарыз түрінде беріледі.
- **Мемлекеттік несиесі** – мемлекет қарыз беруші, ал тұрғындар мен жеке бизнес – (ақшалай) қарыз алушы болады.
- **Халықаралық несиесі** халықаралық экономикалық қатынастардағы қарыз капитал қозғалысын бейнелейді.

Несие – нақты уақыт аралығында пайдаланғаны үшін пайыз түріндегі төлеммен қайтарылатын шартпен қарыз беруді білдіретін ақша капиталының қозғалысы.

Несие беру принциптері:

- Мерзімді;
- Қайтарымды;
- Ақылы;
- Материалдық қамтамасыз ету (кепілдеме);
- Бір мақсатқа бағытталу;